

"Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 287 қаулысы.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 17-бабын басшылыққа ала отырып және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Б.Х. Нарымбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Төреғалиев

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2026 жылғы " " _____
№ _____ қаулысына
қосымша

"Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 06.03.2026 № 50 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) туристік қызмет, дене шынықтыру және спорт саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы, мемлекеттік тілде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, № 201.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Басқарманың мақсаттары: туристік қызмет, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

14. Басқарманың өкілеттіктері:

Құқықтары:

1) Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша облыс әкімдігінің және (немесе) әкімінің шешімдері, өкімдері, қаулыларының жобаларын дайындауға қатысу;

2) заңнамамен бекітілген тәртіпте мемлекеттік органдардан, басқа да ұйымдардан өз қызметін жүзеге асыруға қажетті мәліметтер сұрату, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдарға мәліметтер ұсыну;

3) Басқарманың қарамағындағы ұйымдардың қаржылық-шаруашылық қызметіне тексеру және ревизияны жүзеге асыруды Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен ұйымдастыру;

4) Басқарманың қарамағындағы ұйымдарды құру, қайта құру және тарату бойынша облыс әкімдігіне ұсыныстар енгізу;

5) кеңестерді өткізу тәртібін ұйымдастырады, облыс әкімдігінің отырыстарына қатысады;

6) Басқарма Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, осы Ережеге сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Міндеттері:

1) дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдардың, сондай-ақ дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралардың қатысушылары мен көрермендерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу орындарында қоғамдық тәртіпті сақтау;

2) ұлттық, олимпиадалық, олимпиадалық емес, паралимпиадалық, паралимпиадалық емес және сурдлимпиадалық спорт түрлерін дамыту;

3) дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту;

4) әлеуметтік және білім беру функцияларын, сондай-ақ ерікті қызмет қағидатына негізделген олардың құрылымының ерекшелігін ескере отырып, спорттың барлық түрлерін дамытуға жәрдемдесу;

5) туризмді дамытуда туристік қызмет субъектілері үшін жағдайлар жасау.

15. Функциялары:

1) жеке тұлғалардың спортпен айналысуы үшін, оның ішінде халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына қолжетімді болуы ескеріле отырып, тұрғылықты жері бойынша және көпшілік демалатын орындарда инфрақұрылым жасайды;

2) бұқаралық спортпен айналысуға арналған спорттық жабдықтың қауіпсіз пайдаланылуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

3) аккредиттелген ұлттық және (немесе) жергілікті спорт федерацияларымен бірлесе отырып, облыстық спорттық жарыстарды өткізеді;

4) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органмен аккредиттелген ұлттық спорт федерацияларымен бірлесе республикалық және халықаралық спорттық жарыстарды өткізуге қатысады;

5) спорт түрлері бойынша облыстық құрама командаларды даярлауды және олардың жоғары жетістіктер спорты бойынша республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді;

6) облыс аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз етеді;

7) облыс аумағында дене шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

- 8) балалар-жасөспірімдердің дене шынықтыру даярлығы, оның ішінде бейімдік дене шынықтыру және спорт клубтарын құрады;
- 9) білім беру ұйымдарының спорт ғимараттарын сабақтан тыс және кешкі уақытта халық үшін спорт секцияларының жұмысын қамтамасыз ету және спорттық іс-шаралар өткізу мақсатында пайдалану жөнінде шаралар қабылдайды;
- 10) спортшыларға: "Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат", 1-разрядты спортшы спорттық разрядтарын береді, спортшыларды осы спорттық разрядтардан айырады;
- 11) мынадай: біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, бірінші санатты спорт төрешісі біліктілік санаттарын береді, біліктілік санаттарынан айырады;
- 12) аккредиттелген жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өңірлік күнтізбесін бекітеді және оның іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- 13) облыс аумағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіреді;
- 14) облыс аумағында дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысанда және мерзімдерде дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға ұсынады;
- 15) жергілікті спорт федерацияларын аккредиттеуді жүзеге асырады;
- 16) олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері мен спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттары үшін спорт түрлері бойынша білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын іске асырады;
- 17) олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері мен спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттарының үлгілік оқу жоспарларын келіседі;
- 18) аккредиттелген жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорт түрлері бойынша облыстық командалардың тізімдерін қалыптастырады және бекітеді;
- 19) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық командаларының, сондай-ақ облыс спортшыларын даярлаудың жеке жоспарларын бекітеді;

20) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган бекіткен, өңірлер бөлінісіндегі спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесін іске асыруды қамтамасыз етеді;

21) "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлерін тұрғын үймен қамтамасыз етеді;

22) Допинг пайдаланған немесе пайдалануға әрекеттенген жағдайда спорттық нәтиже жойылғаны үшін Олимпиадалық, Паралимпиадалық және Сурдлимпиадалық ойындардың чемпионымен немесе жүлдегерімен тұрғынжайды пайдалану шартын бұзуды қарастырады;

23) ресми дене шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

24) дене шынықтыру және спорт іс-шараларын өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;

25) дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын пайдалануды үйлестіреді;

26) спорт мектептеріне, спорт мектебінің бөлімшелеріне "мамандандырылған" деген мәртебе береді;

27) халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстарды өткізуге арналған спорттық ғимараттарды жобалау үшін техникалық өзіндік ерекшеліктер мен техникалық тапсырманы аккредиттелген ұлттық спорт федерацияларымен келіседі;

28) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық командаларының құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына ай сайынғы ақшалай қамтылым төлеуді жүзеге асырады;

29) дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлерінің жұмысын ұйымдастырады;

30) бюджет қаражаты көлемі шегінде балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларын қаржыландыруға мемлекеттік спорттық тапсырысты бекітеді;

31) мемлекеттік спорттық тапсырыстың көрсетілетін қызметтерін берушілердің меншік нысанына, олардың ведомстволық бағыныстылығына, типтері мен түрлеріне қарамастан, балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларында мемлекеттік спорттық тапсырысты орналастыруды қамтамасыз етеді;

32) электрондық және жалпыға қолжетімді форматтарда мемлекеттік спорттық тапсырысты орналастырудың, оның сапасын бақылаудың және нысаналы игерілуінің барлық кезеңдері мен рәсімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

33) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік мекемелер өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларды белгілейді;

34) мемлекеттік дене шынықтыру-спорт ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларына сәйкес облыс аумағында мемлекеттік дене шынықтыру-спорт ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізеді;

- 35) облыстың дене шынықтыру және спорт саласындағы нысаналы индикаторларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді;
- 36) облыс аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады және үйлестіруді жүзеге асырады;
- 37) туристік қызметтер көрсету нарығына талдау жасайды және тиісті облыс аумағында туризмнің дамуы туралы қажетті мәліметтерді уәкілетті органға табыс етеді;
- 38) облыстық туристік ресурстарды қорғау жөніндегі шараларды әзірлейді және енгізеді;
- 39) облыс аумағында туристік индустрия объектілерін жоспарлау және салу жөніндегі қызметті үйлестіреді;
- 40) балалар мен жастар лагерьлерінің, туристер бірлестіктерінің қызметіне жәрдем көрсетеді;
- 41) облыс аумағында туристік қызмет субъектілеріне туристік қызметті ұйымдастыруға байланысты мәселелерде әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;
- 42) облыс аумағында халықты жұмыспен қамтуды ұлғайту шарасы ретінде туристік қызмет саласындағы кәсіпкерлікті дамытады және қолдайды;
- 43) туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері мен туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпаратты береді;
- 44) туристік ақпарат орталығын құрады;
- 45) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тuroператорлық қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;
- 46) облыс аумағында гидті кәсіптік даярлауды ұйымдастырады;
- 47) уәкілетті органмен келісу бойынша туристік саланы дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітеді;
- 48) туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімін жүргізеді;
- 49) облыс аумағында туризм инфрақұрылымын құрады, туристің қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын объектілерді салу мен дамыту бойынша шаралар қабылдайды;
- 50) туризмді дамытуда туристік қызмет субъектілері үшін жағдайлар жасайды;
- 51) туризм саласындағы бірлескен қызметті іске асыру шеңберінде тікелей шарт жасасу арқылы туристік ақпараттық орталықтарды қаржыландырады;
- 52) облыс аумағында туристік қызмет объектілерін салу, реконструкциялау кезіндегі кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтейді;
- 53) облыс аумағында уәкілетті органмен келісу бойынша күтіп-ұсталуы кезіндегі шығындардың бір бөлігі өтелетін санитариялық-гигиеналық тораптардың тізбелерін бекітеді;
- 54) елді мекендерден тыс жердегі туристерді орналастыру орындарына дейін облыстық және аудандық маңызы бар кірме автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

55) облыс аумағында кәсіпкерлік субъектілерінің жол бойындағы сервис объектілерін салу бойынша шығындарының бір бөлігін өтейді;

56) облыс аумағында кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялайды;

57) облыс аумағында туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне сыйымдылығы жүргізушінің орнын есепке алмағанда сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындардың бір бөлігін өтейді;

58) әрбір шетелдік турист үшін келу туризмі саласындағы туроператорлардың шығындарын субсидиялайды;

59) тау шаңғысы курорттары үшін жабдықтар мен техника сатып алу бойынша кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтейді;

60) облыс аумағында туризм саласындағы субъектілерге (туроператор, турагент, гид, экскурсовод, туризм нұсқаушысы) мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

61) жер пайдалану құқығын не жеке меншік құқығын бермей, жануарлардың өріс аудару жолдары ескеріле отырып, республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы туризм объектілеріне, сондай-ақ елді мекендерден тыс жердегі туризм объектілеріне және туристерді орналастыру орындарына дейін инженерлік инфрақұрылымды (жолдарды, көпірлерді, электр беру желілерін және басқа да коммуникацияларды) жобалауды, салуды және оларға қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

62) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Басқарманы басқаруды басқарма басшысы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыс әкімімен лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарма басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарма басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) қолданыстағы заңнамаларға сәйкес Басқарма қызметкерлерін, сондай-ақ, қарамағындағы ұйымдардың басшыларын және олардың орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

3) қолданыстағы заңнамаларға сәйкес Басқарма қызметкерлерінің, Басқарманың қарамағындағы ұйымдардың басшыларының міндеттері мен уәкілеттіктерін анықтайды ;

4) Басқарманың жұмыс жоспарларын бекітеді;

5) Басқарманың атынан әрекет етеді;

6) сенімхаттар береді;

7) өз уәкілеттігі шегінде барлық Басқарма қызметкерлеріне және қарамағындағы ұйымдардың басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды және нұсқаулар береді;

8) Басқарма қызметкерлеріне, қарамағындағы ұйымдардың басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сыйақы шараларын белгілейді және тәртіптік жаза қолдана алады;

9) Басқарманың ішкі еңбек тәртібін бекітеді;

10) Басқармада "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

11) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының орындалуына дербес жауапты болады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзіне бекітіліп берілген, өзінің балансында тұрған мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының атынан дербес жүзеге асырады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған

мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарманың қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Ақжайық ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Бәйтерек ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Бөрлі ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Бөкей ордасы ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Жаңақала ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Жәнібек ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Жауынгерлік өнер қауымдастығының облыстық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

8) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Жекпе-жек спорты түрлерінен олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

9) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Казталов аудандық орталық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

10) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Казталов ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

11) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Қаратөбе ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

12) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Қысқы спорт түрлері бойынша облыстық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

13) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Ұлттық спорт түрлері бойынша облыстық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

14) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған спорт клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

15) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Облыстық мамандандырылған олимпиада резервінің балалар-жасөспірімдер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

16) "Батыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының " Олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледж" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

17) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Олимпиада резервтерін даярлау орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

18) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Облыстық жоғары спорттық шеберлігі мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

19) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Сырым ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

20) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Тасқала ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

21) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Теректі ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

22) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Теннистен облыстық мамандандырылған олимпиада резервінің балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

23) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Шыңғырлау ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

24) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "№ 1 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

25) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "№ 2 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

26) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "№ 3 облыстық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

27) "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Жайық Арена" спорт клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.